

Бекітемін:

Мектеп директоры

Каймульдина Б.Б.



**Сынып жетекшілердің
әдістемелік бірлестігінің жоспары
2023-2024 оку жылы**

P/c	Әдістемелік іс-шаралар мазмұны	Мерзімі	Жауапты
1	I отырыс: Жаңа оку жылындағы тәрбиедегі ерекшелік Біртұтас тәрбие бағдарламасының іске асырылуы Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығының маңыздылығы	Тамыз	ДТІЖО Сынып жетекшілер
2	II отырыс Сынып жетекшінің оқушылардың ата- аналармен қарым – қатынас әдістемесі. 1-4 сыныптың сынып жетекшілерінің жұмыс есебі. Жасөспірімдер арасындағы қылмыстық құқықбұзушылықтың алдын – алу Мектеп кітапханашысының есебі.	Қазан	ДТІЖО
3	III отырыс: 2023-2024 оку жылындағы I оку тоқсанының корытындысы Тәрбие жұмыс жоспарының талапқа сай өткізуі	қараша	ДТІЖО

4	<p>IV отырыс:</p> <p>«Мектеп пен отбасы ынтымақтастығы сапалы тәрбие негізі»</p> <p>1. Мектеп ережесі, оқушылардың сабакқа катысуы</p> <p>5-8 сыныптардың сынып жетекшілерінің есебі</p> <p>Кәмелетке толмаган жасоспірімдер арасында мінез-құлық ауытқышылдықтарының алдын алу шаралары</p> <p>(Мектеп психологінің жұмысы)</p>	Желтоқсан	ДТҟО Сынып жетекшілер Психолог
5	<p>V отырыс</p> <p>«Жеке тұлға бойында жалпы адамзаттық қундылықтарды қалыптастырудың сабактан тыс іс-шаралардың рөлі»</p> <p>«Мектептегі тәрбие жұмысының маңыздылығы»</p> <p>Оқушылардың бос уақытын үйімдастыру барысы</p> <p>Үйірме жетекшілерінің есебі</p> <p>9-11 сынып жетекшілерінің есебі</p>	наурыз	ДТҟО Психолог Сынып жетекшілер
6	«Оқушылар арасында суицидтік мінез құлықтың алдын алу шаралары»	Жоспар бойынша	ДТҟО Психолог Сынып жетекшілер
7	<p>VI отырыс</p> <p>«Тәрбие жұмысының тиімділік көрсеткіштері»</p> <ul style="list-style-type: none"> · Тәрбие жұмысының талдауы, келер оку жылына арналған мақсаттар мен міндеттер · «ЖАЗ -2024» оқушыларды жазғы демалыс кезіндегі үйімдастыру шаралары 	мамыр	ДТҟО Психолог Сынып жетекшілер

Хаттама №1

2023жыл 8 қыркүйек күні «мемлекеттік мекемесінде сыйнып жетекшілер бірлестігінің жиналысы болып өтті.

Жиналыс тәрайымы

Тәрбие ісі жөніндегі директор орынбасары:

Хатшы:

Жиналыска 14 сыйнып жетекшісі қатысты

Көрілген мәселелер:

1. Жаңа оқу жылындағы тәрбиедегі ерекшелік
2. «Бір тұтас тәрбие бағдарламасының» мақсаты
3. Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығының маңыздылығы
4. Сыйнып жетекшілерінің міндеттерімен таныстыру

- Бірінші және екінші мәселе бойынша директордың тәрбие ісі жөніндегі директор орынбасары сөз сөйлемді. Құрметті әріптестер осы оқу жылынан бастап тәрбие тұжырымдамасы өзгерді. 2023-2024 оқу жылы тәрбие жұмысы келесідей 3 құндылықпен тәрбие жұмысын жүргізетін боламыз. Ол құндылықтың негізгі бағыттарды 8 бағыт яғни, рухани-танымдық тәрбие; құқықтық тәрбие; экономикалық және экологиялық тәрбие; көпмәдениетті және көркем-эстетикалық тәрбие; зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениетті тәрбиелеу; дene тәрбиесі, салауатты өмір салтын калыптастыру оған коса «Тоғыз ай – 9 іс-шара», «4 тоқсан – 4 өнер», Оқуға құштар сынды жоба жұмыстары кіріктіріліп, 3 құндылыққа шоғырланған жоспарлы жұмыстар қолға алынбак. 8 бағыт алынып тасталынған жоқ тек, 3 құндылыққа кіріктірілген жоспар әзірленуде.
- Тәрбие жұмысы біртұтас тәрбие бағдарламасы негізінде адаптациялық тәрбиелеуді көздейді. Тәрбие жұмысының мазмұнында ұлттық мұдде, ар-ұят, алғыс айту, ілтипат, талап сиякты құндылықтар көрініс табу қажет.
- Тәрбие жұмысын ұйымдастыру кезіндегі басым бағыт – балаға қамкорлық пен құрмет көрсету, сенім арту, балалардың құқықтары мен занды мүдделерін қамтамасыз ету, оларды кемсітүге жол бермеу болып табылады.
- 2023-2024 оқу жылында ата-аналар қауымдастығымен өзара іс-қимылы негізінде тәрбие міндеттерін іске асыруда жұмыс жүргізу «Ата-аналар академиясын» құру, сондай-ақ «Тоғыз ай – 9 іс-шара», «4 тоқсан – 4 өнер» жобалары шенберінде іс-шаралар өткізу, мерейтойлық күндерге арналған сыйныптан тыс ісшараларды ұйымдастыру маңызды аспектілер болып табылады.

- Білім беру үйымдарындағы тәрбие мен оқытуда жалпыадамзаттық және ұлттық құндылыктар негізінде білім алушылардың бойында адами касиеттерді калыптастыруға басымдық береді.
- Тәрбие мен оқытудың тұтастығын камтамасыз ету үшін: 1) пәндік мазмұн шеңберінде:
 - әр пәннің қыска мерзімді жоспарын өзірлеуде тәрбиелік мақсатты қою және оның сабак барысында жүзеге асырылуын камтамасыз ету;
 - бастауыш сынып пәндері аиталығын жоспарлауда ортақ тақырыптар мен ұлттық құндылықтарды негізге алу және оның іс-шаралар арқылы жүзеге асырылуын камтамасыз ету;


Үшінші мәселе бойынша Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығының маныздылығына тоқаттып, өз жұмысын биылдан бастап бастайтынын, ол үшін алдын ала сауалнама алынып, жоспар бойынша әр ай сайын 1-4 сыныптын, 5-9 сынып, 10-11 сыныптың ата-аналарымен жұмыс жүргізілетіндігін хабарлады.

Косымша білім беру педагогі сөзге алды. Сынып жетекшілер бірлестігін біздер 1-11 сыныптарға жалпылама 1 адамды бірлестік жетекші ретінде сайлаймыз. Ал ол бірлестіктің негізгі бөлігін бірлестік жетекшілері жасайды. Откен жылы бірлестік жетекшісі М.Енщибай аткарды, биылға кімді ұсынасыздар? Қатысуышылардың барлығы бір ауыздан бірлестік жетекшісінің қызметін жалғастыруын бір ауыздан қолдады.

3. Төртінші мәселе бойынша мектепішлік сыннып жетекшілердің міндеттерін, сыннып жетекшілерге таныстыруды.

Қаулы

1. Тәрбие жұмыстарының жылдық жоспары мүдделі мемлекеттік органдармен бірлескен 2023-2026 жылдарға арналған жоғары оқу орындарынан басқа білім беру үйымдарына арналған «Біртұтас тәрбие бағдарламасын» іске асыру жөніндегі бірлескен жоспар бүйрүғы негізінде жасалсын және жұмыстар үйлестірілсін.
2. 1-11-сыныптардың сыннып жетекшілер бірлестігінің жетекшісі етіп бекітілсін.
3. Сынып жетекшілеріне таныстырылған міндеттемелер аясында жұмыстар үйлестірілсін, аткарылған жұмыстар бірлестік отырысында талқылансын.
4. Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары ұсыныстары мен тапсырмалары назарға алынып орындалсын.

Жиналыс төрағасы ,
Хатшы 

Хаттама №2

2023жыл қазан коммуналдық мемлекеттік мекемесінде сыйнып жетекшілер бірлестігінің жиналысы болып отті.

Жиналыс төрагасы

Тәрбие ісі жөніндегі директор орынбасары:

Хатты:

Жиналыска 14 сыйнып жетекшісі катысты

Күн тәртібіндегі мәселелер:

1. Сыйнып жетекшінің окушылардың ата-аналармен қарым – қатынас әдістемесі.
2. 1-4 сыйныптың сыйнып жетекшілерінің жұмыс есебі.
3. Жасөспірімдер арасындағы қылмыстық құқықбұзушылықтың алдын – алу
4. Мектеп кітапханашының есебі.

1. Бірінші болып күн тәртібіндегі мәселе бойынша директрдың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары сөз алды. Құрметті сыйнып жетекшілері окушылардың сабакқа катысымы мектептегі негізгі мәселелердің бірі болып табылады. Әрбір сыйнып жетекші өзі басқарып отырған сыйныптағы окушылардың барлығы туралы күнделікті толық мәліметке ие болуы керек. Ол үшін сыйнып жетекші ата-аналармен тығыз байланыста болу керек. Күнделікті окушылардың сабакқа катысымы туралы мектеп әкімшілігіне міндетті түрде хабарлану керек. Соңғы 2-3 жыл қолемінде окушылардың сабакқа катысымы өте жоғары көрсеткіштерге ие болып отырмыз. Сол көрсеткішті бір қалыпта сақтап қалуымыз керек. Ата-анамен байланысты күнделікті жасап отырыңыздар, қазір барлық ата-ана ватсан желісінде, байланыс жасау оңай. Отбасы мен мектептің өзара байланысын нығайту үшін баланы оқыту мен тәрбиелеу үдерісін жүзеге асыруға, тәрбиелік іс- шараларды бірлесе атқаруда ата-аналарды толық тарту қажет. Ата-аналар жиналыстарын дәстүрлі емес форматта өткізу, яғни «Пән мұғалімдерімен баспасөз конференция», «Психологиялық тренинг», шеберлік сыйныбы, балалардың ата-аналармен бірлескен сабағы, «Отбасыларды, олардың дәстүрлерін, шеберліктерін, қарым-қатынастарын, көзқарастарын таныстыру мақсатында тәжірибе алмасу» сияқты жүргізу жалғасын таба береді. Биылғы жылы ай сайын ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығында балаларының жас ерекшеліктеріне сәйкес жақсы жұмыстар жүргізілуде, ата-аналардың да катысым жақсы, ол калыпты ұстап қалуымыз қажет. Сол орталыққының жұмыстарын жүргізуге белсенді ата-аналарды тартуымызға болады. Ата-ана мейілінше мектеппен тығыз байланыста болып, бірлесе жұмыс жасаған кезде бала тәртібіде жақсара түспек.

2. Екінші мәселе бойынша сыйнып жетекшілердің бірлестік жетекшісі I оқу тоқсанындағы 1-4 сыйнып жетекшілерінің жұмыс есебіне тоқталды. Бастауыш сыйныпта 12 сыйнып жетекші бар, барлығы биылғы 294 бүйрыққа сәйкес Біртұтас тәрбие жоспарын жасап, бекіттірді. Тәрбие сағаттарының күндері қойылып, уақытылы өткізілуде. 1 – қыркүйек күні Білім күніне орай, 2-11 сыйнып жетекшілері «Мектеп-мейірім мекені» тақырыбында бірынғай сыйнып сағатын өткізіп, «Мектеп-

мейірбандық мекені» республикалық челленджіне үн кости.

4 в сынып жетекші жыл мерей тойына орай, «Бойында дарияның, керіле акқан» деген тақырыпта ашық тәрбие сағатын өткізсе, «Ұстаздық еткен жалықпас» тақырыбында 2 «А» сынып жетекшісі, жолда жұру ережесін жақсы менгерту мақсатында «Бағдаршам әліппесі» деген тақырыбында ашық тәрбие сағаттарын өткізді. Тәрбие сағаттар оте жоғарғы деңгейде өтті. Сынып жетекшілер тыңғылықты дайындалған, көрнекіліктемен, мазмұнды шара өтуге тырысқан. Сонымен катар, Біртұтас тәрбие бағдарламасын іске асыру мақсатында 4 сыныптар арасында үйымдастыруымен «Қараша күз келді» мәнерлеп оку сайысы, бастауыш сыныптар арасында «Беркелі, мерекелі күз келді» байқауы өткізілді.

Алдағы оку тоқсанымызда да бірнеше ашық тәрбие сағаттарымы Республика мерекесіне орай өткізу жоспарланып койылды.

3. Үшінші мәселе бойынша директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары казіргі таңда жасөспірімдер арасында топтық төбелестің тоқтамай тұрғандығын, осы орайда 7-11 сынып оқушыларының бейmezгіл көшеде, ойын-сауық орталықтарында катан тиым салынатындығын, ата-анаға ескертіп отыру қажеттілігі айттылды. Сонымен катар оқушылардың көлік жүргізуге, мектепке тиым салынған заттарды әкелуге, сабак уақытында мешітке бармау, сондай-ақ жұмыс жасауға болмайтындығы ескертілді. Осы орайда барлық сынып жетекші оқушыларға, ата-аналарға түсіндірме жұмысын жасау қажеттігі ескертілді.

4. Төртінші мәселе бойынша сөз алған мектеп кітапханашысы барлық сыныптарғы оқулық барынша толық қамтылып отырғандығын айта отырып, өзінің атқарған жұмыстарына токталды.

Қаулы

1. Ата-аналармен тығыз байланыс орнатып, тәрбиелік іс- шараларды бірлесе атқаруда ата-аналарды толық тарту;

2. Оқушылардың сабакқа қатысымын анықтап күнделікті мектеп әкімшілігіне хабарлап отыру сынып жетекшілерінен талап етілсін.

3. Жасөспірімдердің құқық бұзушылықтың алдын алу мақсатында сынып жетекшілер түсіндірме жұмысын ұдайы жүргізу .

Жиналыс төрағасы : *А.Н.*

Хатшы : *Р.М.*

Хаттама №3

2023 жыл күні коммуналдық мемлекеттік мекемесінде сыйып жетекшілер бірлестігінің жинальсы болып отті.

Жиналысқа катысқаны; 14 Қатыспағаны;

Ағымдағы мәселелер:

- 1.2023-2024 оку жылындағы I оку токсанының корытындысы
 - 2.Тәрбие жұмыс жоспарының талапқа сай өткізілуі
 - 3.Мектеп психологы тренинг сағаттары

бойынша күні I тоқсанды қорытындылау мақсатында сыйнып жетекшілермен отырыс өткізілді. Отырыс барысында тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Г сөз алып, Біртұтас тәрбие бағдарламасы аясында атқарылған жұмыстарға тоқталыш, «Тоғыз айға 9 ішшара», Ғаламтор қауіпсіздігі» жобасы аясында, Ата-анаммен өткізген бір күнім өткізілгенін өткізгенін өткізгенін хабарлап өтті. Биылғы жобалар әр түрлі үйірмелер, сыйныптан тыс жұмыстар, тәрбие сағаты арқылы іске асырылдып жатқандығын жеткізді. Аталған жобаларға мейілінше сыйныптан көп бала қатыстыруға жұмыс жасауды талап өтті. Сыйнып жетекшілердің тәрбие жұмысының жұмыс жоспарына сәйкес тәрбие сағаттарын уақытылы өткізу керектігі, әр аптада өткізілген тәрбие сағаты уақытылы Күнделік кз – ге түсіп отыру керектігін айтты.

І токсан бойынша тәрбие жұмыстарына мониторинг жасап, алдағы атқаратын жұмыстарға токталды. Атап айтсақ, оқушының күнделікті сабакқа қатысуы, тәртібі, соған сәйкес сынып сағаттарының, ер бала мен қыз балалардың жиналысының уақытылы өткізулер керектігі айтылды.

Күзгі каникул іс-шараларын кестеге сәйкес орындалу керектігін, окушылардың танымдық кабілеттірін дамыту мақсатында көбірек өндіріс орындарына және мұражайларға бірге барып, уақытты тиімді пайдалану керектігін айтты.

Отбасы мен мектептің өзара байланысын нығайту үшін баланы оқыту мен тәрбиелу үдерісін жүзеге асыруға, тәрбиелік іс -шараларды бірлесе атқаруда ата-аналарды толық тарту кажеттігін, ата -ана жиналыстарын дәстүрлі емес форматта өткізу туралы ұсынысын айтты өтті.

Каулы:

1. Тәрбие жұмысының жұмыс жоспарына сәйкес тәрбие сағаттары уақытылы өткізіліп, кол қойылып, Күнд кз-ге жүктелсін.

- 2.Сынып жетекшілеріне таныстырылған міндеттемелер аясында жұмыстар үйлестірілсін, аткарылған жұмыстар бірлестік отырысында талқылансын.
- 3.Сынып жетекшілер мен мектеп психологы үнемі байланыста болсын.
- 4.Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары ұсыныстары мен тапсырмалары назарға алынып орындалсын.

Жиналыс төрағасы: 

Тәрбие ісі жөніндегі директор орынбасары: 

Хатшы: 

2023-2024 оку жылындағы сынның жетекшілер бірлестігінің бірінші отырысының АНЫҚТАМАСЫ

Мектебімізде 2024 жылдың күркүйегінде мектепшілік сынның жетекшілер бірлестігінің жоспары негізінде алғашқы отырыс болып өтті. Сының жетекшілер отырысында мектеп директоры жаңа оку жылындағы тәрбиедегі ерекшеліктері тұралы айтып өтті. Биылғы оку жылындағы тәрбие жұмысының ерекшеліктері, тәрбие бағдарламасының өзгерістері туралы айтып өткім келеді. 2023-2024 оку жылы тәрбие жұмысы келесідей 6 күндылықпен оған қоса Окуга құштар сынды жоба жұмыстары кіріктірілген 6 күндылыққа шоғырланған жоспарлы жұмыстар колға алынбак. 8 бағыт алынып тасталынған жок тек, 3 күндылыққа кіріктірілген жоспар әзірленуде.

Тәрбие жұмысы біртұтас тәрбие бағдарламасы негізінде адал азаматты тәрбиелеуді көздейді. Тәрбие жұмысының мазмұнында ұлттық мұdde, ар-ұят, алғыс айту, ілтипат, талап сияқты құндылықтар көрініс табу қажет.

Тәрбие жұмысын ұйымдастыру кезіндегі басым бағыт – балаға қамқорлық пен құрмет көрсету, сенім арту, балалардың құқықтары мен занды мүдделерін қамтамасыз ету, оларды кемсітуге жол бермеу болып табылады. 2024-2025 оку жылында ата-аналар қауымдастығымен өзара іс-кимылды негізінде тәрбие міндеттерін іске асыруда жұмыс жүргізу «Ата-аналар академиясын» құру, сондай-ақ жобалары шенберінде іс-шаралар өткізу, мерейтойлық қундерге арналған сынныңтан тыс ішараларды ұйымдастыру маңызды аспектілер болып табылады.

Білім беру ұйымдарындағы тәрбие мен оқытуда жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтар негізінде білім алушылардың бойында адами қасиеттерді қалыптастыруға басымдық береді.

Тәрбие мен оқытудың тұтастығын қамтамасыз ету үшін: 1) пәннің мазмұн шенберінде: – әр пәннің қысқа мерзімді жоспарын әзірлеуде тәрбиелік мақсатты кою және оның сабак барысында жүзеге асырылуын қамтамасыз ету; – бастауыш сынның пәндері апталығын жоспарлауда ортак такырыптар мен ұлттық құндылықтарды негізге алу және оның іс-шаралар арқылы жүзеге асырылуын қамтамасыз ету; – пән апталықтарын жоспарлау мен өткізуде ұйымдастырылатын ішаралардың тәрбиелік мәніне назар аудару және оның мазмұны арқылы жүзеге асырылуын қамтамасыз ету ұсынылады. 2) сынның сағаттары мен тәрбие іс-шаралары шенберінде: – ар-ұждан, әділеттілік, мейірімділік, адалдық, отаншылдық, азаматтық жауапкершілік, еңбеккорлық қасиеттерін қалыптастыру және ұлттық мұра мен қазақ тілін қастерлеу, қоғам игілігіне қызмет ету, денсаулық пен салауатты өмір салтын ұстану тәрбие жұмысының жылдық жоспарындағы іс-шаралар мен сынның сағаттарының мазмұнында ескеру ұсынылады; – сынның сағаттары аптасына 1 сағат мектептің сабак кестесіне енгізілуі және жүйелі түрде өткізіледі.

Ата-аналарды педагогикалық колдаудың маңыздылығы туралы мектеп психологы түсіндіріп өтті.

Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығының міндеттері: 1) балалардың әл-ауқатын камтамасыз ету үшін ата-аналардың педагогикалық мәдениетін, психологиялық-педагогикалық және әлеуметтік күзыреттерін дамытуға бағытталған ата-аналарға жүйелі педагогикалық қолдау көрсетуді үйымдастыру; 2) білім беру үйімі мен отбасы арасындағы балаларды тәрбиелеу мен дамытудағы өзара іс-кимылды ныгайту. Балаға деген таза көнілді жана шырлық, ата — аналардың балаларына деген мейірімі мен қамкорлығы, балалары үшін отка да, суга да түсуге әзірлігі, өмірлік ауырталықтар мен қындықтардан корғап, сактап отыруға тырысуышылтықтары, саналы тәлім — тәрбие, бала жасынан енбекке баулулары, жан тазалығына, биік адамгершілік кадір касиеттерге талаптандырулары, баланың еркін, саналы, жігерлі, мығым, намысшыл, басқаларға мейірімді, адал да таза тұлға ретінде калыптасуларына ықпал ететін отбасылық ахуал мен тәлім — тәрбие қандай болуын білдірсе керек. Эке — шешенің жеке басты үлгі — өнегелері баланың дұрыс тәрбиелеуінің ең ықпалды құралы болып саналады. Ата — аналардың үлгі — өнегесінің тәрбиелік мәні балаларға тән үлкендерге, олар тарапынан жасалатын жаксы игілікті іс — әрекеттерге еліктеушілікпен туындаиды.

2023-2024 оку жылындағы сынның жетекшілер бірлестігінің екінші отырысының

АНЫҚТАМАСЫ

Максаты: Оқушылардың Сынып жетекші ата-аналармен бірге отырыш, білімін, тәртібін нығайту.

Міндеті: Сынып жетекшісі мен ата-ана арасындағы байланысты үзбеу.

«Сынып жетекшінің оқушылардың ата-аналармен карым – катынас әдістемесі» тақырыбында мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары презентация көрсетіп, мәліметтер берді.

Сынып жетекшісінің ата-аналармен жүргізетін жұмысының формалары мен әдістері.

Ата-аналардың өз балаларының жан дүниесін жаксы түсінуі, оларға отбасында дұрыс та тиімді тәрбиелік орта тудыру үшін, бала тәрбиесіне айрықша мән берулері керек.

Ондаагы көзделген мақсат ата-аналарға бала тәрбиесіне қатысты педагогикалық кенес, оқуды үйымдастыру, соған сәйкес олардың педагогикалық білімдерін жетілдіріп отыруды көздейді. Фалымдардың айтуынша, әр елде, сонымен катар, отандық педагогикада жүргізілген зерттеу жұмыстары нәтижесінде, ата-аналар балаларын тәрбиелеу барысында айтулы киыншылықтарға кездеседі. Соңдықтан олар мұғалімдердің ақыл-кенестерін, практикалық көмектерін аса қажет етеді. Олардың үйымдастыруындағы қатысты білімі ме біліктірін үдайы көтеріп отыруы қажеттілігін өздері түсінуі тиіс. Сол үшін де мектептің сынның жетекшісі ата-аналар педагогикалық жұмыс жүргізуі, оның бағытын дұрыс үйымдастырып отыруы міндеттеледі.

1-4 сыныптың сынның жетекшілерінің жұмыс есебі бойынша бастауыш сынның жетекшілер бірлестігінің жетекшісі ы түсіндіріп өтті.

Бастауышында 12 сынның жетекші бар, барлығы биылғы 294 бүйрекқа сәйкес Біртұтас тәрбие жоспарын жасап, бекіттірді. Тәрбие сағаттарының күндері қойылып, уақытылы өткізілуде. 1 – қыркүйек күні Білім күніне орай, 2-11 сынның жетекшілері «Мектеп-мейірім мекені» тақырыбында бірыңғай сынның сағатын өткізіп, «Мектеп-мейірбандық мекені» республикалық чөллендікке үн кости.

4 в сынның жетекшісі жыл мерей тойына орай, «Бойында дарияның, керіле ақкан» деген тақырыпта ашық тәрбие сағатын өткізсе, «Ұстаздық еткен жалықпас» тақырыбында 2 «А» сынның жетекшісі, жолда жүру ережесін жаксы менгерту мақсатында а «Бағдаршам әліппесі» деген тақырыбында ашық тәрбие сағаттарын өткізді. Тәрбие сағаттар өте жоғарғы деңгейде өтті. Сынып жетекшілер тыңғылықты дайындалған, көрнекіліктермен, мазмұнды шара өтуге тырысқан. Сонымен катар, Біртұтас тәрбие бағдарламасын іске асыру мақсатында 4 сынның арасында Ә.Әнесованаң үйымдастыруымен «Қараша күз келді» мәнерлелеп оку сайысы, бастауышында арасында «Беркелі, мерекелі күз келді» байқауы өткізілді.

Ушінші мәселе бойынша директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары қазіргі таңда жасөспірімдер арасында топтық тәбелестің тоқтамай түрғандығын, осы орайда 7-11 сынның оқушыларының бейmezгіл көшеде, ойын-сауық орталықтарында

катаң тиым салынғатындығын, ата-анага ескертіп отыру қажеттілігі айтылды. Сонымен катар окушылардың колік жүргізуге, мектепке тиым салынған заттарды өкелуге, сабак уақытында мешітке бармау, сондай-ақ жұмыс жасауга болмайтындығы ескертілді. Осы орайда барлық сыйын жетекші окушыларға, ата-аналарға түсіндірме жұмысын жасау қажеттігі ескертілді.

Төртінші мәселе бойынша сез алған мектеп кітапханашыны

барлық сыйыптарғы окулық барынша толық қамтылып отырғандығын айта отырып, өзінің аткарған жұмыстарына тоқталды.

**2023-2024 оку жылындағы сыйнып жетекшілер бірлестігінің үшінші отырысының
АНЫҚТАМАСЫ**

**2023-2024 оку жылындағы I оку тоқсанының корытындысы
Тәрбие жұмыс жоспарының талапқа сай откізілуі**

I қыркүйек - білім күні «Мектеп – мейірім мекені»

«Сәлем, жана оку жылы» Талап: білуге, жаңаны тануға құштар болу

Ұлттық мұдде: ұлттық мәдениетті дәріптеу. Білім күнін осы тақырыпта сыйнып сағаттар мен салтанатты жын өтті. 5-қыркүйектен бастап тіл мұғалімдері мен сыйнып жетекшілер откізген іс –шаралар: «Тіл-өлшеусіз қазына». Ұлттық мұдде: салауатты өмір салтын ұстану. Талап: білуге, жаңаны тануға құштар болу. «Тіл-бабалар мұрасы». (А.Байтұрсынов туған күніне арналған «Тіл тазалығы»). Ұлттық мұдде: салауатты өмір салтын ұстану. Талап: білуге, жаңаны тануға құштар болу. «ТІЛІМ- ТҮМАРЫМ» айттыскер ақындарды таныстыру, дәріптеу, баулу. («Балалар кітапханасы» жобасы). Талап: білуге, жаңаны тануға құштар болу.

«Дене сергіту» чөлленді Талап: физикалық белсенді болу. Талап: салауатты өмір салтын ұстану. Ар-ұят: әден нормаларын ұстану. Мектеп аланында деңсаулық күнінде жаппай жаттығу жасау және бастаудың сыйныптарда отбасымен үйде дене шынықтырумен айналысу чөлленді өтті. Барлық бейне роликтер әлеуметтік желіге жарияланып отырды. «Денсаулық және дұрыс татақтану» («Еңбегі адап жас өрен» жобасы) Ұлттық мұдде: Қазақстан мемлекеттілігін нығайтуға атсалысу. Отбасы күніне арналған іс-шаралар. Ар-ұят: өзін отбасының, сыйныптың, мектептің, қогамның, Отанның бір мүшесі екенін сезіну. «Отбасылық дәстүрлер» («Ғаламтор қауіпсіздігі» жобасы) сыйнып жетекшілер оқушылардың ата-анамен бірлесіп әректтену мақсатында осындай тәрбиелік мәні бар іс-шара откізеді. Арнайы мамандармен профилактикалық жұмыс (қыздар және ұлдар жиналышы). Алдын алу түсіндірме жұмыстары. Ар-ұят: әден нормаларын ұстану. Құқықбұзуышылықтың алдын алу жолдары. «Зорлық - зомбылықсыз өмір». Ұлттық мұдде: Қазақстанның қауіпсіздігін қамтамасыз етуге дайын болу. Ар-ұят: халқына адап қызмет ету. Аудандық кәмелеттік жасқа толмаған жасөспірімдер инспекторының катысуымен үнемі профилактика Кеңесінің отырыстары откізіледі. Кеңесте тәртіп бұзған, немесе құқық бұзуышылықка жол берген оқушылардың жеке істері қарастырылады. Құқық бұзуышылықтың алдын алу жұмыстары барысында аз қамтылған отбасы категориясындағы балалардың үй жағдайы тексеріледі, ата-аналармен профилактикалық әңгімелесулер откізіледі. Жайсыз отбасылардан шықкан оқушыларға үнемі бакылау жасалады. Әлеуметтік педагогтер мектепшілік бакылауда тұрган оқушыларға тәлімгерлік көрсетеді. Олардың сабакқа катысуын кадагалап, бос уақыттарын үйымдастырады. Үстаздар күні «Үстаз ұлы тұлға» (Оқуға құштар мектеп жобасы) Ұлттық мұдде: қоғам мұддесі үшін қызмет ету. Бейне құттықтау чөлленді. Дублер күні. Уақытты басқару және өзін – өзі үйымдастыру. Ар-ұят: адап еңбекті

құрметтеу ұлттық мүдде: қоғам иғлігі үшін қызмет ету **Талап:** дұрыс қарым-қатынас орната білу. «Қариттырым-асыл қазынам»

(«Карияга қол ұшын соз» жобасы еріктілер тобының жыл бойғы комектесу жұмыстары) **Талап:** дұрыс қарым-қатынас орната білу. **Ар-ұят:** отбасының, өз ортасының абырайын асыру. «Қариясы бардың қазынасы бар» «Қарияга қол ұшын соз» жобасы. **Ар-ұят:** әден нормаларын үстану. **Ұлттық мүдде:** ұлттық мәдениетті дәріптеу. **Талап:** дұрыс қарым-қатынас орната білу. Республика күні «Көк түдың желбірегені» 25 – қазан Республика күні «Үрпаққа аманат жобасы» **Талап:** дұрыс қарым-қатынас орната білу. **Ар-ұят:** әден нормаларын үстану. **Ұлттық мүдде:** Қазақстан мемлекеттілігін нығайтуға ат салысу. **Талап:** дұрыс қарым-қатынас орната білу. 17 қазан мектебімізде Республика күніне орай салтанатты жиынның ашылуы өтті. «Біз үшін» видео ролик чөллендік түсірілді. Шахмат, Тогызқұмалақ, Теннис ойындарынан оқушылар арасында жарыс өтті. Үстаздар арасында волейболдан ойын өткізілді. Республика күніне арналған Қол өнер көрмесі және кітаптар көрмесі ұйымдастырылды. «Гүлдене бер Қазақстан!» суреттер байқуы өтті. 25 – қазан барлық сыйныштарда сыйнап сағаттары өткізілді. «Республика дауысы – Мектеп дауысы» ән байқауы өтті.